ИСАТАЙ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

ПРЕДСЕДАТЕЛЬ ИСАТАЙСКОГО РАЙОННОГО МАСЛИХАТА

ӨКІМ

РАСПОРЯЖЕНИЕ

6 сәуір 2023 жыл

№ 10

Аққыстау ауылы

село Аккистау

Тікелей шарт жасау арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 19-бабына, 21-3-бабына және «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V Заңының 41-бабына, 39-бабының 3-тармағының 36-тармақшаларына сәйкес **ӨКІМ ЕТЕМІН:**

1. Мемлекеттік сатып алуды қолдану тәжірибесі (өңірлік компонент) тақырыбында біліктілігін арттыру семинарына мемлекеттік қызметшіні оқыту үшін, «Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы» РМҚК-ы Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған тұлғаға жатқызылуына орай айрықша жағдай болып есептеліп, тікелей шарт жасау арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылсын.

2. «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ-ның көрсетілетін қызметтері Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған тұлғаға жатқызылуына орай айрықша жағдай болып есептеліп, тікелей шарт жасау арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылсын.

3. Басшылыққа алу аппарат басшысы М.Насихановқа міндеттелсін.

Аудандық мәслихат төрағасы: **Н.Мусин**